

Алдымен магистральдық желілер тартылып, кейін ішкі орамдық жүйелер орнатылуда. Қазір бірқатар тұрғын үй толықтай газға қосылып үлгерді.

3-БЕТ | ҚАЛА ТЫНЫСЫ



**Кезінде ағартушылық жұмысты Ыбырай Алтынсариннің Торғай даласынан емес, нақосы Бөкей ордасынан бастағысы келгені белгілі.** Ыбырайдың жазған «Қазақ хрестоматиясы» екі мың данамен шығарылып, Бөкей ордасының, Орал және Торғай облыстарының мектептеріне жеткізілді. Жәңгір 1841 жылы Жасқұста алғашқы мектеп ашқан жылы Қостанай өңірінде Ыбырай Алтынсарин дүниеге келген болатын.

5-БЕТ | ТҰЛҒА



Обратившиеся за помощью: В прошлом году Центр посетили 294 человека, и из них 223 женщины. Согласитесь, эти цифры говорят сами за себя.

8-БЕТ | ТАҒЫЛЫМ

Jaña Bastau

№12 (202)
28 НАУРЫЗ
СЕНБІ
2026 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2022 ЖЫЛДЫҢ
22 АҚПАНЫНАН
БАСТАП ШЫҒАДЫ

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

# ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНДА

## ҚАР ТАЗАЛАП, СУ ТАРТУ ЖҰМЫСТАРЫ КҮШЕЙДІ

Қазір Қосшы қаласында көктемгі кезеңге байланысты коммуналдық қызметтердің жұмысы күшейтіліп, қар шығару және еріген қар суларын сору жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. Қала аумағында арнайы техника екі ауысымда үздіксіз жұмыс істеп, тұрғындардың қауіпсіздігі мен қолайлы өмір сүру жағдайын қамтамасыз етуге бағытталған кешенді шаралар атқарылу үстінде.



QR-код арқылы қараңыз

Бүгінде бұл жұмыстарға қала бойынша 46 арнаулы техника жұмылдырылып жатыр. Олар күндіз және түнгі ауысымдарда жұмыс істеп, қала көшелерінен қарды үздіксіз шығару жұмыстарын үздіксіз жүргізуге кірісken. Коммуналдық қызметтердің мұндай күшейтілген режимге көшуі көктемгі су тасқынының алдын алу, жол қатынасының қауіпсіздігін сақтау және тұрғын үйлерді су басу қаупін төмендету мақсатында қолға алынған.

Жағдайды бақылау және жедел шешімдер қабылдау мақсатында облыс әкімінің бірінші орынбасары Елдос Рамазанов Қосшы қаласына арнайы жұмыс сапарымен келіп, жедел штабтың көшпелі отырысын өткізді. Жиында қала әкімі Азамат Қапышев қазіргі ахуалдың тұрақты екенін атап өтті. Оның айтуынша, коммуналдық қызметтер тәулік бойы жұмыс істеп, барлық қажетті шара кезең-кезеңімен жүргізіліп жатыр.

Көшпелі отырыста жауапты мекемелерге нақты тапсырмалар жүктелді. Атап айтқанда, алға қар шығару қарқынын арттыру, еріген қар суларын уақтылы сорып отыру, сондай-ақ анықталған кемшіліктерді жедел жою міндеті қойылды. Бұл тапсырмалар қаладағы санитарлық жағдайды тұрақты ұстап тұрумен қатар, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Бүгінде Қосшы қаласында арықтарды тазалау, су өткізу арналарының өткізгіштік қабілетін арттыру, еріген қар суларын сорғызу жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар жеке секторлар мен көпқабатты тұрғын үйлердің аумақтарын қардан тазарту жұмыстары да қарқын алған. Әсіресе мектеп, балабақша, медициналық мекеме сияқты әлеуметтік нысандардың айналасына ерекше назар аударылып отыр.

Жалпы, қаладағы жағдай тиісті органдардың тұрақты бақылауында. Қала аумағында орналасқан негізгі көшелер мен тұрғын алаптар кезең-кезеңімен қамтылып, тазарту жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп жатыр.

Бүгінгі күнге дейін Тоныкөк, Арқалық, Күлтегін, Алтай, Түркістан, Қашқари көшелерінен, сондай-ақ 19 және 20-шағын аудандардан, «Монолит», «Южный», «Лесная поляна» тұрғын алаптарынан қар шығарылды. Сонымен қатар Ұлы дала, Көкшетау, Ақмола, Қобыланды батыр, Қамбар, Нұра, Тәуелсіздік, Шоқан Уәлиханов, Сейфуллин, Ахмет Байтұрсынұлы, Сүйінбай, Ақан сері, Мәлік Ғабдуллин, Азаттық, Жангелдин, Қызылжар, Алакөл, Қожа Ахмет Ясауи, Төле би, Сұлтан Бейбарыс, Әйтеке би, Мәншүк Мәметова, Едіге, Тұран, Абылай хан, Абай, Республика көшелері мен «Алтын дала», «Орион» тұрғын үй кешендері, Алаш, Астана, Иманов, Жабаев көшелері және «Асыл Түлік» ауданы, Тайманов көшесі түгел қамтылды.

Жалпы алғанда, арнайы полигондарға 172,8 мың текше метр қар шығарылып, 6 900 текше метр еріген қар суы сорылды. Бұл көрсеткіштер атқарылып жатқан жұмыстардың ауқымын айқын көрсетеді.

Қазір бірқатар аумақта жұмыстар әлі жалғасып жатыр. Атап айтқанда, «Лесная поляна» тұрғын алабында, «Даймонд парк» тұрғын үй кешенінде, сондай-ақ Мақатаев, Алакөл, Азаттық, Кейкі батыр, Бөгенбай батыр көшелерінде қар шығару және су сору жұмыстары белсенді түрде қолға алынған.

Техникалық ресурстардың тиімді бөлінуі де назардан тыс қалған жоқ. Күндізгі ауысымда 20 КамАЗ, 10 жүк тиегіш, 2 автогрейдер және 13 ассенизаторлық техника жұмыс істеп тұр. Ал түнгі ауысымға қосымша 40 КамАЗ, 15 жүк тиегіш, 2 автогрейдер және 10 ассенизаторлық техника жұмылдырылады. Бұл тәулік бойы тоқтаусыз жүргізілетін жұмыстардың нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Мамандардың айтуынша, мұндай кешенді шаралар көктемгі кезеңде туындайтын қауіптердің алдын алуда аса маңызды. Әсіресе еріген қар суларының уақтылы сорылуы мен арықтардың тазалануы су басу қаупін едәуір төмендетеді.

Қала билігі тұрғындарды сабыр сақтап, жүргізіліп жатқан жұмыстарға түсіністікпен қарауға шақырады. Себебі қар тазалау және су сору жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізіліп, барлық көше мен тұрғын алаптарды қамтитынын ескерген жөн.

**Еркеғали БОЛАТҰЛЫ**

# АРДАГЕРЛЕР ЕСЕП БЕРДІ

Қосшы қаласында Наурыз мерекесі қарсаңында ҚР «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Қосшы қаласы филиалының кезекті ІІІ есеп беру конференциясы өтті. Бұл маңызды жиынға Республикалық ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары Өмірзақ Озғанбаев, Ақмола облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ермек Нұғыманов, сондай-ақ қаладағы белсенді ардагерлер мен ақсақалдар қатысты.

Конференцияда Қосшы қаласындағы ардагерлер ұйымының атқарған жұмыстары жан-жақты сараланып, өткен кезеңдегі нәтижелер мен алдағы міндеттер кеңінен талқыланды. Ұйым мүшелері қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласып, жастар тәрбиесі, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру бағытында атқарылып жатқан істер жөнінде баяндама жасады.

Айта кетсек, қаладағы ардагерлер ұйымы бүгінде қоғамның түрлі саласында өзіндік орны бар белсенді құрылымға айналып отыр. Әсіресе, жастармен жұмыс бағытында ақсақалдардың тәжірибесі мен тағылымы үлкен маңызға ие. Конференцияда сөз алғандар жас буынның бойына отансүйгіштік қасиетті сіңіру, оларды еңбекқорлыққа баулу, ұлттық салт-дәстүрді насихаттау ісінде ардагерлердің рөлі ерекше екенін атап өтті.

Сонымен қатар жиында ардагерлердің әлеуметтік жағдайын жақсарту, қоғамдық өмірге белсенді қатысуына жағдай жасау мәселелері де қозғалды. Бұл ретте мемлекеттік қолдау шаралары мен жергілікті деңгейде атқарылып жатқан жұмыстарға оң баға берілді.

Конференцияның маңызды бөлімдерінің бірі Қосшы қаласында жақында ашылған белсенді ұзақ өмір сүру орталығының қызметімен таныстыру болды.

(Жалғасы 2-бетте)

QR-код арқылы қараңыз

ТОО «МК Экстра Ломбард» сообщает о проведении торгов по голландскому методу невыкупленного залогового имущества, который состоится: с 01 по 03 апреля 2026 г, с 06 по 10 апреля 2026 г, с 13 по 17 апреля 2026 г, с 20 по 24 апреля 2026г, с 27 по 30 апреля 2026 г, с 10:00 до 13:00 по адресу: г. Астана, ул. Керей и Жанибек хандар 11.

«МК Экстра Ломбард» ЖШС сатып алынбаған кепіл мүлкін голландиялық әдіспен өткізу жөніндегі сауда-саттықтың өткізілетінін хабарлайды. Сауда-саттық мына күндері өтеді: 2026 жылғы 01-03 сәуір, 06-10 сәуір, 13-17 сәуір, 20-24 сәуір, 27-30 сәуір аралығында, күн сайын сағат 10:00-ден 13:00-ге дейін. Өтетін орны: Астана қаласы, Керей және Жәнібек хандар көшесі, 11.

«ТСО-Трейд» ЖШС, БСН 180740014159 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Отырар көшесі, 7 үй, 7 пәтер. тел.: 8 775 661 12 17.

ТОО «ТСО-Трейд», БИН 180740014159 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Байконыр, ул. Отырар, д.7, кв.7. тел.: 8 775 661 12 17.

«А100-Групп» ЖШС, БСН 230440006505 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Сығанақ көшесі, 54а үй. тел.: 8 775 127 22 22.

ТОО «А100-Групп», БИН 230440006505 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, п-н Есиль, ул.Сығанақ, д.54а. тел.: 8 775 127 22 22.

# Ардагерлер есеп берді

**(Басы 1-бетте)**

Бұл орталық өз жұмысын наурыз айының басында қалалық қоғамдық мәдени-спорт кешенінің базасында бастаған болатын. Негізінде ол – ардагерлердің бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, олардың денсаулығын нығайтуға және әлеуметтік белсенділігін арттыруға бағытталған маңызды жоба. Ішінде медициналық кабинет жұмыс істейді. Онда келушілер алғашқы медициналық тексерістен өтіп, денсаулығына қатысты кеңес ала алады.

Сонымен қатар орталықта шахмат және дойбы залдары жабдықталған. Бұл – зияткерлік ойындарға қызығушылық танытатын ардагерлер үшін таптырмас мүмкіндік. Оған қоса, спорттық белсенділікті арттыру мақсатында үстел теннисі алаңдары да қарастырылған.

Орталықтың тағы бір ерекшелігі – шығармашылық бағыттағы бөлмелердің болуы. Онда музыкамен айналысуға, ән айтуға, түрлі мәдени шараларды өткізуге толық мүмкіндік қарастырылған.

Жиында сөз алған Өмірзақ Озғанбаев ардагерлер ұйымының қоғамдағы орнына тоқталып, олардың ел бірлігін нығайтудағы рөлін ерекше атап өтті. Ал Ермек Нұғыманов өңірдегі ардагерлер қозғалысының қарқынды дамып келе жатқанын айтып, Қосшы қаласындағы ұйым жұмысына оң баға берді.

# Жасөспірімдерді радикализмнен қалай сақтаймыз?

Ата-ана жасөспірімді бала деп есептесе, керісінше, олар өзін есейдік деп санайды. Әл-Фараби «Жас жеткіншектеріңізді көрсетіңіз, мен сіздің болашақтарыңызды айтып берейін» деген. Қазіргі кезеңде қазақ халқының өмірінде бұрын-соңды болмаған оқуға, еңбекке, қоғамдық өмірге ықыласы жоқ балалар саны артып барады. Бұл жаста балалар дөрекі, әдепсіз, барлық жарамсыз әдеттерге еліктеуге бейім келеді.

Баланың мінезін, жалпы деңгейін, ынтасын жақсы білу үшін оның дамуына, адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына не нәрсе қажет екендігін әрбір әке, әрбір ана білуге міндетті. Бала осы жаста өзін не үлкен емес, не кіші емес сезініп, түрлі эмоциялық және физикалық даму дағдарыстарынан өтеді, өмірлік әртүрлі кезеңдерге кенеледі. Осындай жағдайлардың әсерінен көптеген жасөспірім тұрақтылықты, эмоционалдық жағдайынан өзін жоғалтып, құрдастарымен қарым-қатынасы қиындап, ата-аналарымен түсініспеушіліктер туындайды.

Қазіргі цифрлық дәуірде жасөспірімнің өмірі бұрынғыдан әлдеқайда күрделі. Ол енді тек отбасы мен мектептің тәрбиесінде ғана емес, ғаламдық ақпарат кеңістігінің ықпалында өсіп келеді. Әлеуметтік желілер, бейресми онлайн топтар, түрлі идеологиялық платформалар жас сананың қалыптасуына әсер етеді. Осындай жағдайда тұлғалық дағдарыс кезеңіндегі жасөспірім радикалды идеяларға ерекше осал болады. Сондықтан бұл мәселе тек құқық қорғау органдарының емес, бүкіл қоғамның назарында болуға тиіс.

Жасөспірімдік шақ – адам өміріндегі ең жауапты, ең нәзік кезеңдердің бірі. Дәл осы уақытта «Мен кіммін?», «Қандай адам боламын?», «Қоғамдағы орным қандай?» деген сұрақтар алдыңғы орынға шығады. Егер жасөспірім бұл сұрақтарға жауап таба алмаса, ішкі бос кеңістік пайда болады. Ол өзін түсінбегендей, бағаланбағандай сезінеді. Мағына іздеу күшейеді, ерекше болуға деген ұмтылыс артады. Кей жағдайда әділетсіздікке қарсы өткір реакция қалыптасады.

Міне, осындай сәтте жолыққан радикалды топтар қарапайым әрі эмоциялық жауап ұсынады. Олар күрделі әлеуметтік мәселелерді жеңілдетіп түсіндіріп, «дұрыс» пен «бұрысты» қатаң шекараға бөледі. Жасөспірімге «сен ерекше миссия үшін жаратылғансың» деген ой тастайды. Тиесілілік сезімін, жалған батырлық бейнесін қалыптастырады. Бұл жағдайларда діни білімі жоқ немесе қате және сыни ойлау қабілеті әлі толық дамып үлгермеген жас бала үшін бұл – психологиялық тұрғыдан тартымды ұсыныс.

Жасөспірімдердің радикалды идеяларға бейімделуіне бірнеше фактор әсер етеді. Біріншіден, жақындарының арасынан эмоциялық қолдаудың жеткіліксіздігі. Отбасындағы салқын қарым-қатынас, ата-ананың баламен ашық сөйлеспеуі оның ішкі әлемінде жалғыздық сезімін күшейтеді. Екіншіден, әлеуметтік оқшаулану. Құрдастарымен байланыс тапшылығы немесе буллинг жағдайлары да баланы кез келген ортаға түсуге итермелейді. Үшіншіден, өзін-өзі төмен бағалау және мойындалуға деген қажеттілік. Радикалды топтар осы қажеттілікті шебер пайдаланады. Төртіншіден, ақпараттық сауаттың әлсіздігі – фейк ақпаратты, манипуляцияны ажырата алмау.

Қазір алдын алу шаралары кешенді сипат алуға тиіс. Радикализмнің алдын алу тек тыйым салумен немесе қорқыту тәсілдерімен шектелмеуі керек. Ең тиімді жол – психологиялық иммунитет қалыптастыру.

Отбасы – басты тірек. Ата-ананың бала пікірін тыңдап, оны құрметтей білуі маңызды. Бақылау мен сенімнің арасындағы тепе-теңдік сақталуы қажет. Жасөспірім өз ойын ашық айта алатын ортада өскенде, сыртқы деструктивті ықпалдарға қарсы тұру қабілеті артады.

Білім беру мекемелерінің де рөлі ерекше. Мектептерде сыни ойлау дағдыларын дамыту, медиасауаттылықты арттыру, эмоциялық интелектті қалыптастыру – қазіргі заман талабына сай тәрбиенің маңызды бағыттары. Психологиялық қызметтің қолжетімді болуы да жасөспірімдердің ішкі мәселелерін анықтауға уақытында мүмкіндік береді.

Қоғамдық деңгейде жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру да үлкен маңызға ие. Спорт, шығармашылық еріктілік қызметтері жасөспірімдердің энергиясын дұрыс арнаға бағыттап, олардың өзін қоғамның маңызды мүшесі ретінде сезінуіне ықпал етеді.

Жасөспірімдердің тұлғалық дағдарысы – табиғи әрі қалыпты психологиялық кезең. Алайда дәл осы уақытта көрсетілген қолдау мен түсіністік олардың болашақ өмірлік бағытын айқындауы мүмкін. Сондықтан жас ұрпақтың психологиялық саулығын сақтау – қоғамның тұрақты дамуының маңызды шарттарының бірі.

Психологиялық тұрғыдан тұрақты, өзін-өзі танитын және сыни ойлай алатын жас буын ғана кез келген теріс идеологияларға талдау жасау арқылы қарсы тұра алады. Сол себепті жастармен жүргізілетін профилактикалық жұмыстар жүйелі әрі кешенді сипатта болуға тиіс.

Жас буын тек отбасы мен мектептің емес, бүкіл әлемдік ақпарат ағынының ықпалында өседі. Әлеуметтік желілер, анонимді форумдар, жабық қауымдастықтар жас сананың қалыптасуына әсерін береді. Осындай кезеңде тұлғалық дағдарысқа түскен жасөспірімдер радикалды идеяларға әлдеқайда осал болады. Сондықтан психологиялық алдын алу – отбасы, қоғам және мемлекет деңгейіндегі кешенді жұмыс.

**С. АКАЖАНОВА,**
**Ақмола облысы дін істері басқармасының «Конфессияаралық қатынастарды талдау және дамыту орталығы» КММ маманы**

# Гендерлік теңдік саласында оң өзгерістер бар

Қазақстандағы гендерлік теңдік мәселесі соңғы жылдары қоғамдық және мемлекеттік деңгейде кеңінен талқыланып келе жатқан өзекті тақырыптардың біріне айналды. Бұл бағыттағы ахуалды бағалау үшін түрлі халықаралық индекстер мен ұлттық статистикалық деректерге сүйену маңызды. Соңғы мәліметтерге қарағанда, елімізде гендерлік теңдікке қатысты белгілі бір ілгерілеу бар екені байқалғанмен, түйткілді мәселелер әлі де толық шешімін тапқан жоқ.



Халықаралық сарапшылардың бағалауынша, Қазақстан гендерлік теңдік деңгейі бойынша әлем елдерінің қатарында орташа позицияда тұр. 2023 жылғы гендерлік алшақтық индексінің нәтижесіне сәйкес, еліміз 146 мемлекеттің ішінде 62-орынға жайғасқан. Жалпы көрсеткіш 0,721 деңгейіне жетіп, алдыңғы жылдармен салыстырғанда өсім байқалған. Бұл көрсеткіш мемлекеттің гендерлік саясатты жүзеге асыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп отырғанын аңғартады. Яғни білім беру, денсаулық сақтау және экономикалық қатысу салаларында белгілі бір нәтижелер бар.

Алайда ресми статистика мен халықаралық рейтингтердегі оң өзгерістерге қарамастан, қоғамдағы көзқарас біршама өзгерген. Әлеуметтік зерттеулер нәтижесі халықтың гендерлік теңдікке деген сенімі әлсіреп келе жатқанын көрсетеді. Мәселен, 2015 жылы қазақстандықтардың 81 пайызы ерлер мен әйелдердің құқығы тең деп есептеген болса, 2022 жылы бұл көрсеткіш 69 пайызға дейін төмендеген. Бұл қоғамда гендерлік мәселелерге қатысты алаңдаушылықтың артқанын білдіреді. Сонымен қатар теңсіздік бар деп санайтындардың үлесі де айтарлықтай өскен: бұрын әрбір жетінші адам осындай пікірде болса, бүгінде бұл көрсеткіш әрбір төртінші адамға жеткен. Әйелдердің 27 пайызы және ерлердің 22 пайызы елде гендерлік теңдік толық қамтамасыз етілмеген деп есептейді.

Еңбек нарығындағы жағдай гендерлік теңсіздіктің нақты көрінісін айқындай түседі. Соңғы деректер бойынша, Қазақстанда 4,3 миллион әйел еңбек етеді. Олардың басым бөлігі дәстүрлі түрде «әйелдерге тән» деп саналатын салаларда шоғырланған. Атап айтқанда, білім беру саласында 872,9 мың әйел жұмыс істейді. Сауда саласында – 866,9 мың, ауыл шаруашылығында – 453,1 мың, ал денсаулық сақтау жүйесінде – 406,9 мың әйел еңбек етеді. Бұл көрсеткіштер әйелдердің еңбек нарығында белсенді екенін дәлелдегенмен, олардың негізінен жалақысы салыстырмалы түрде төмен салаларда жұмыс істейтінін көрсетеді.

Ал табысы жоғары саналатын өнеркәсіп пен құрылыс секторларында әйелдердің үлесі әлдеқайда төмен. Бұл гендерлік сегрегация құбылысының сақталып отырғанын аңғартады. Яғни, еңбек нарығында ерлер мен әйелдердің кәсіби бағыттары айқын бөлінген, бұл өз кезегінде жалақы айырмашылығына және экономикалық теңсіздікке алып келеді. Сарапшылар мұны тек экономикалық факторлармен емес, сонымен қатар қоғамдағы қалыптасқан гендерлік стереотиптермен де байланыстырады.

Басқару жүйесіндегі жағдай да назар аударуды талап етеді. Мемлекеттік қызметте әйелдердің үлесі шамамен 55 пайызды қамтиды. Бұл – әйелдердің мемлекеттік секторда айтарлықтай белсенді екенін көрсететін жоғары көрсеткіш. Алайда осыған қарамастан, басшылық лауазымдарда олардың үлесі 39 пайыздан аспайды. Бұл «шыны төбе» деп аталатын құбылыстың бар екенін көрсетеді, яғни әйелдердің жоғары лауазымдарға көтерілуіне кедергі келтіретін жасырын тосқауылдар сақталған.

Саяси қызметтердегі әйелдердің үлесі одан да төмен – 10 пайызға да жетпейді. Бұл жағдай шешім қабылдау деңгейінде әйелдердің ықпалы әлі де шектеулі екенін дәлелдейді.

Құқық қорғау және адам құқығын қорғау саласындағы деректер де маңызды көрсеткіш саналады. Мәселен, бір жылдың алғашқы жартысында Адам құқықтары жөніндегі уәкілге әйелдер тарапынан 925 өтініш түскен. Бұл барлық өтініштердің 32,7 пайызын қамтиды. Шағымдардың басым бөлігі еңбек қатынастары, тұрғын үй мәселелері, әлеуметтік қамтамасыз ету және отбасы саласына қатысты болған. Бұл деректер әйелдердің құқықтық тұрғыда түрлі қиындықтарға жиі тап болатынын көрсетеді.

Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету бағытында мемлекет тарапынан да нақты шаралар қабылданып келеді. 2009 жылы қабылданған заң ерлер мен әйелдердің тең құқығы мен мүмкіндіктерін заң жүзінде бекітті. Кейінгі жылдары саяси реформалар аясында Парламентте әйелдер мен жастарға 30 пайыздық квота енгізілді. Бұл бастама әйелдердің саяси үдерістерге қатысуын арттыруға бағытталған маңызды қадамдардың бірі болды.

Сонымен қатар 2030 жылға дейінгі гендерлік саясат тұжырымдамасында бірқатар нақты мақсаттар айқындалған. Атап айтқанда, шешім қабылдау деңгейіндегі әйелдердің үлесін 30 пайызға жеткізу, сондай-ақ жалақыдағы гендерлік айырмашылықты азайту көзделген. Бұл міндеттерді жүзеге асыру елдегі гендерлік теңдікті нығайтуға ықпал етпек.

Дегенмен сарапшылар гендерлік теңсіздіктің негізгі себептерінің бірі ретінде қоғамдағы дәстүрлі көзқарастарды атап өтеді. Әйелдердің рөліне қатысты қалыптасқан ескі түсініктер олардың мансаптық өсуіне және қоғамдық белсенділігіне кедергі келтіреді. Мысалы, әйелдердің негізгі міндеті отбасы мен бала тәрбиесі деген түсінік әлі де кең таралған. Бұл олардың кәсіби дамуына теріс әсер етуі мүмкін.

Сондықтан гендерлік теңдікті қамтамасыз ету тек заңнамалық немесе институционалдық шаралармен шектелмеуге тиіс. Бұл бағытта қоғамдық сана мен мәдени құндылықтарды өзгерту де аса маңызды. Білім беру, ақпараттық саясат және қоғамдық диалог арқылы гендерлік стереотиптерді жою қажет.

Қорыта айтқанда, Қазақстанда гендерлік теңдік саласында оң өзгерістер бар екені сөзсіз. Халықаралық рейтингтердегі ілгерілеу, мемлекеттік бағдарламалар мен заңнамалық бастамалар бұл бағыттағы жұмыстың жүйелі түрде жүргізіліп жатқанын көрсетеді. Алайда еңбек нарығындағы теңсіздік, басқару жүйесіндегі дисбаланс және қоғамдағы алаңдаушылық бұл мәселенің әлі де толық шешілмегенін айқын аңғартады. Демек гендерлік теңдікке қол жеткізу үшін әлі де кешенді әрі ұзақ мерзімді саясат қажет.

# НАУРЫЗДЫ
## емхана ұжымы ерекше тойлады

Қосшы қаласындағы «Viamedis Qosshy» емханасында Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы ерекше сән-салтанатпен, ұлттық нақышта кең көлемде аталып өтті. Медицина мекемесінің ауласына ақшаңқан киіз үй тігіліп, қазақы дәстүр мен заманауи мерекелік формат үйлесім тапқан тағылымды шара ұйымдастырылды. Көктемнің жаңаруын айшықтайтын бұл мереке емхана ұжымы мен тұрғындарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.



Фотосурет: viamedis_qosshy

Мерекелік шараның шымылдығын Қосшы қаласы әкімінің орынбасары Берген Жұмкейұлы ашып, жиналған қауымды Наурыз мейрамымен құттықтады. Ол бұл күннің тек табиғаттың жаңаруы ғана емес, адамдар арасындағы татулық пен бірліктің, мейірім мен ізгіліктің символы екенін атап өтті. Сонымен қатар қаладағы әлеуметтік нысандардың халыққа қызмет көрсету сапасын арттыру жолындағы еңбектеріне тоқталып, медицина саласы қызметкерлерінің қоғамдағы рөлін ерекше атап өтті.

Сондай-ақ іс-шарада емхананың медициналық директоры Бибінұр Мұхтарқызы сөз алып, ұжым атынан барша тұрғынға ізгі тілегін жеткізді. Ол Наурыз мерекесі – денсаулық, береке мен ұзақ ғұмырдың бастауы екенін айтып, емхана қызметкерлері әрдайым халықтың саулығы жолында еңбек ететінін жеткізді. Ал әйелдер денсаулығы бөлімінің кураторы Ербол Әубәкіров мерекенің мәні мен маңызына тоқталып, ұлттық құндылықтарды ұлықтаудың маңыздылығын атап өтті.

Мерекелік бағдарламаның сәнін келтірген ұлттық өнер көріністері жиналған көпшіліктің көңілінен шықты. Күй күмбірлеп, домбыраның қоңыр үні аулаға ерекше рух сыйлады. Қазақтың әсем әндері шырқалып, ұлттық билер орындалып, көрерменді тәнті етті.

Сонымен қатар көпшіліктің ерекше ықыласына бөленген дәстүрлі тұсаукесер рәсімі де жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Бұл рәсімде кішкентай бүлдіршіннің тұсауын Ұлпан Ғалымқызы кесіп, балаға ақ жол, жарқын болашақ тіледі. Қазақы дәстүрдің маңызды элементтерінің бірі саналатын бұл рәсім көпшілікке ерекше әсер қалдырды.

Сондай-ақ мереке аясында ұлттық киімдер байқауы ұйымдастырылып, ерекше сән-салтанатпен киінген қатысушылар көпшіліктің назарын өздеріне аударды. Ең әдемі ұлттық киім киген ер және әйел азаматтар арнайы сыйлықтармен марапатталды.

Шара соңында қонақтарға ұлттық тағамдар ұсынылып, наурыз көже таратылды.

# ТАСҚЫНҒА – ТОСҚЫН:
## қаладағы проблемалық учаскелер анықталды

Қосшыда биылғы су тасқыны кезеңіне дайындық жұмыстары жан-жақты тексеріліп, проблемалық учаскелер анықталды. Бұл туралы қаланың жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасының басшысы Марат Оспанов хабарлады.




Жоспарлы тексерулер кезінде қаланың әртүрлі ауданында су тасқыны қаупі бар учаскелер арнайы белгіленіп, қауіп деңгейлері бағаланды. Басқарма мамандары өзара үйлестірілген іс-шаралар жоспарын бекітіп, су тасқынына қарсы қорғаныс құралдарын тексерді.

Су тасқынына дайындық жұмыстары бірнеше бағытта жүргізіледі. Біріншіден, қаланың өзен және арық жүйелерінде бөгеттер мен бөгде заттардың болмауын тексеру маңызды. Бұл су ағынын реттеп, қауіпті аймақтардағы су деңгейінің көтерілуін болдырмауға мүмкіндік береді. Екіншіден, қалалық тұрғын үйлер мен қоғамдық нысандардың төтенше жағдайларға дайындық жағдайы қаралады. Мамандар тұрғындарды алдын ала хабардар ету жүйесін жетілдіріп, эвакуациялау жоспарларын жаңартып жатыр.

Сонымен қатар Қосшы қаласында төтенше жағдайлар кезінде жұмылдыру жұмыстарын жүргізетін арнаулы топтар ұйымдастырылды. Олар су тасқыны қаупі бар аудандарда дереу әрекет етіп, зардап шеккен тұрғындарға көмек көрсетеді. Жауапты мамандардың айтуынша, әр топ қажетті құрал-жабдықтармен, судан қорғайтын қаптармен және арнайы техникамен қамтамасыз етілген.

Қала тұрғындары да өз қауіпсіздіктерін қамтамасыз етуге шақырылды. Мамандар тұрғындарды су тасқыны кезінде жолдарды және қауіпті учаскелерді пайдалану қаупінен хабардар етіп жүр.

Басқарма мамандарының айтуынша, проблемалық учаскелердің көбісі қаладағы төменгі жерлерде және су тораптары жанында орналасқан. Бұл аудандарда су деңгейінің көтерілуі тұрғын үйлер мен инфрақұрылымға тікелей қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан бақылау жұмыстары үнемі жүргізіліп, қажетті шаралар уақтылы қабылданады.

Қосшы қаласында табиғи газға қосылу жұмыстары қарқынды түрде жүргізіліп жатыр. Бұл – өңір тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған маңызды инфрақұрылымдық жоба. Соңғы жылдары қалада халық санының артуы мен тұрғын үй құрылысының қарқын алуы инженерлік желілерді жаңғырту қажеттігін туындатқан болатын. Осы ретте табиғи газ жүйесін енгізу – уақыт талабынан туындаған өзекті шешімдердің бірі.

# ТҰРҒЫНДАР ТАБИҒИ ГАЗДЫҢ ИГІЛІГІН ҮГЕЛ КӨРЕДІ

Табиғи газға қосылу алдымен тұрғындар үшін тиімділігімен ерекшеленеді. Бұрын көмір немесе электр қуатына тәуелді болған үйлер үшін бұл үлкен жеңілдік әкеледі. Қыс мезгілінде от жағу, күл шығару сияқты қосымша жұмыстардың қажеттілігі жойылады. Газбен жылыту жүйесі автоматтандырылған, қауіпсіз әрі қолайлы болғандықтан, тұрғындардың күнделікті тұрмысын едәуір жеңілдетеді. Бастысы, үй іші әрдайым жылы әрі таза болады.

Сонымен қатар табиғи газ экологиялық тұрғыдан да тиімді отын түрі саналады. Көмір жағумен салыстырғанда, ауаға таралатын зиянды заттардың көлемі айтарлықтай азаяды. Бұл өз кезегінде Қосшы қаласының экологиялық ахуалын жақсартуға оң әсер етеді. Әсіресе халық тығыз орналасқан аудандарда таза ауа сапасының сақталуы – денсаулық үшін аса маңызды фактор.

Тағы бір маңызды артықшылық – электр желілері мен жылу жүйесіне түсетін жүктеменің азаюы. Бұған дейін көптеген үй электр қуатын пайдаланып жылынғандықтан, қыс айларында желілерге шамадан тыс салмақ түсетін. Бұл көбіне апатты жағдайларға немесе электр қуатының үзілуіне әкеп соғатын. Ал табиғи газға көшу арқылы бұл мәселе біртіндеп шешімін тауып келеді. Нәтижесінде қаланың энергия жүйесінің тұрақтылығы артып, тұрғындарға көрсетілетін қызмет сапасы жақсарады.

Қосшы қаласында жүргізіліп жатқан газдандыру жұмыстары кезең-кезеңімен іске асып отыр. Алдымен магистральдық желілер тартылып, кейін ішкі орамдық жүйелер орнатылуда. Қазір бірқатар тұрғын үй толықтай газға қосылып үлгерді. Алдағы уақытта бұл көрсеткіш одан әрі өсіп, барлық шағын ауданды қамту көзделіп отыр. Жергілікті атқарушы органдар тұрғындардың өтініштері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жұмысты жүйелі түрде жалғастыра бермек.

Фотосурет: Қосшы қаласының әкімдігі



Құрметті Қосшы қаласы және Тайтөбе ауылының тұрғындары мен қонақтары! Наурыз айының 26-29 аралығында Қосшы қаласында «Қауіпсіз үй» атты жергілікті рейдтік жұмыстар өткізілетінін хабарлаймыз.

# ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП:
## зорлық-зомбылыққа қарсы үн қатыңыз

Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы – ішкі істер органдары қызметінің негізгі бағыттарының бірі. Оның тиімділігі жалпы еліміздегі құқықбұзушылықтардың жай-күйі және мемлекетіміздің болашағын құрайтын отбасы институтының дамуына байланысты.

**Іс-шараның мақсатары:**
- қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар саласындағы құқықбұзушылықтардың алдын алу;
- азаматтардың құқығын қорғау.

Бұл рейдтік іс-шаралар әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға және жолын кесуге, ана мен баланы қорғауға, отбасының қоғамдағы рөлін нығайтуға бағытталған. Сол үшін жұртшылықты ақпараттандыру маңызды.

Осыған орай, отбасы, әйелдер мен балалар мәселелері бойынша «111», «105» бірыңғай мемлекеттік сенім телефондары жұмыс істеп тұрғанын және Ақмола облысы Қосшы қаласы полиция бөлімінің «102» нөміріне, сонымен қатар учаскелік полиция бөлімшелеріне, отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының инспекторларына 8 705 529 00 80, 8 702 127 17 67 телефондары арқылы хабарласуға болады.

**Үнсіз қалмаңыз! Біз – біргеміз!**




**Әсел ҚАЛЫБЕКОВА,**
**Қосшы қаласы ПБ ҚҚБ ОТЗЗҚК тобының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау инспекторы,**
**полиция капитаны**

# Балалар контентіне баса мән берген дұрыс

Балаларға арналған заманауи контент бүгінде тек көңіл көтеру құралы ғана емес, сонымен бірге тәрбиелік және танымдық әлеуеті зор маңызды ресурсқа айналып отыр. Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы нәтижесінде балалар смартфон, планшет, теледидар және интернет арқылы күнделікті өмірінің елеулі бөлігін виртуалды ортада өткізеді. Осы жағдай оларға ұсынылатын контенттің сапасы мен мазмұнына деген жауапкершілікті айтарлықтай арттырады.

Қазір балалар контенті жас ерекшелігіне сай, психологиялық тұрғыдан қауіпсіз және құндылықтарға негізделген болуға тиіс. Бала мультфильмдер мен анимациялық өнімдерді көріп қана қоймай, сол арқылы өзіндік дүниетаным қалыптастырады. Әрбір кейіпкер, сюжет пен бейне баланың мінез-құлқына, тілдік қорына және өмірлік ұстанымдарына әсер етеді. Сондықтан ұлттық болмысты дәріптейтін, мейірім, достық, әділдік және еңбекқорлық сияқты қасиеттерді насихаттайтын өнімдер ерекше маңызды.

Ақын Ретбек Мағаздың айтуынша, бүгінде қазақ тіліндегі сапалы балалар контенті әлі де жеткіліксіз. Оның пікірінше, балаларға арналған өнімдердің көпшілігі ересектердің көзқарасымен жасалып, баланың табиғи әлемін толық аша алмай отыр. Бұл – үлкен олқылық. Шығармашыл ортада да, қоғамда да балаларға арналған мазмұнды, заманауи және ұлттық рухпен үйлескен туындылардың тапшылығы сезіледі. Ол қазақ тіліндегі балалар контентін дамыту – жай мәдени мәселе емес, ұлттық қауіпсіздікпен байланысты маңызды бағыт екенін атап өтті.

Бүгінде балалардың ақпарат тұтыну тәсілі түбегейлі өзгерді. Олар тек кітап оқумен шектелмей, YouTube, TikTok, түрлі онлайн платформалар арқылы ақпарат алады. Зерттеулерге сәйкес, бала қай тілде контент тұтынса, сол тілде ойлауға бейім болады. Сондықтан қазақ тіліндегі сапалы мультфильмдер, аудио ертегілер, танымдық видеолар мен ойындардың көбеюі – тілді дамытудың ең тиімді жолдарының бірі.

Алайда мәселе тек контенттің аздығында емес, оның сапасында да жатыр. Көп жағдайда қолданыстағы қазақтілді өнімдердің визуалды деңгейі, сюжет желісі немесе кейіпкерлері қазіргі балалардың қызығушылығына сәйкес келе бермейді. Ал қазіргі буын – динамикаға, сапалы графикаға және шынайы эмоцияға ерекше мән береді. Сондықтан жаңа буын контенті халықаралық стандарттарға сай, заманауи технологиялармен жасалуы қажет.

Бұл бағытта Қазақстандағы «Balapan» телеарнасының атқарып отырған жұмысы ерекше. Тек қазақ тілінде хабар тарататын бұл арна балаларға арналған сапалы контент өндірісін жүйелі түрде дамытып келеді. Арна ұжымы балалардың танымдық және рухани дамуын басты мақсат етіп қойып, анимациялық жобалар санын арттыра түсті. Мысалы, тарихи мазмұндағы «Шоқан» мультсериалы немесе фэнтези жанрындағы «Ақжелкен» жобасы – ұлттық құндылықтарды заманауи форматта ұсынудың жақсы үлгісі.

Сонымен қатар балалардың қауіпсіздігі де басты назарда. Мысалы, табиғи апаттар кезіндегі әрекеттерді үйрететін «111» мультхикаясы балаларға өмірлік маңызды дағдыларды сіңіруге бағытталған. Ал «Дара бала» сияқты жобалар талантты балаларды танытуға мүмкіндік береді. Бұл бастамалар балалар контентінің тек көңіл көтеру емес, тәрбиелік құрал екенін көрсетеді.

Дегенмен цифрлық ортада қауіптер де жоқ емес. Интернетте балаларға арналмаған, бірақ оларға қолжетімді мазмұн көп. Сондықтан ата-аналар баласының қандай контент тұтынып отырғанына мән беруі қажет. Арнайы бағдарламалар мен сүзгілерді қолдану, уақытты шектеу – қазіргі ата-ананың маңызды міндеттерінің бірі.

Сарапшылардың айтуынша, бала күніне орта есеппен экран алдында ұзақ уақыт өткізеді. Бұл оның психикалық және физикалық дамуына әсер етуі мүмкін. Сондықтан ата-ана бақылауы мен дұрыс таңдалған контент – баланың қауіпсіз дамуының кепілі. Мысалы, кейбір ата-ана балалардың интернет қолдануын бақылап, қауіпсіз режимдерді орнатып, олардың жас ерекшелігіне сай ғана контент көруін қадағалап отыр.

Әлемдік деңгейде де балалар контенті үлкен сұранысқа ие. Мәселен, «Baby Shark» сияқты музыкалық бейнелер миллиардтаған қаралым жинап, жаһандық феноменге айналды. Бұл балаларға арналған өнімдердің әсері мен ауқымын көрсетеді. Ал Қазақстанда да «Әлди-әлди» сияқты ұлттық бесік жырларының жоғары қаралым жинауы қазақ контентіне деген сұраныстың бар екенін дәлелдейді.

Жалпы, балаларға арналған заманауи контент – ұлт болашағын қалыптастыратын маңызды фактор. Ол сапалы, тәрбиелік мәні жоғары, тілдік және ұлттық ерекшелікті сақтаған болуға тиіс. Бұл бағытта мемлекет, шығармашыл қауым, ата-ана және қоғам бірігіп жұмыс істегенде ғана жоғары нәтижеге қол жеткізуге болады.

Әсіресе, қазіргі баланың тұлғалық қалыптасуына әсер ететін басты факторлардың бірі – медиа кеңістіктегі ақпарат. Бала мультфильмдер мен бейнематериалдарды көре отырып, кейіпкерлермен өзін салыстырады, сол арқылы мінез-құлық моделін қалыптастырады.

Шын мәнінде бала қандай тілде контент көрсе, сол тілде ойлауға бейімделеді. Сондықтан қазақтілді контент түсіргенде, қазіргі балалардың сапалы графикаға, динамикалық сюжетке және шынайы эмоцияға ерекше мән беретінін ескерген маңызды. Ал бұл бастамалар балалар контентінің тек ойын-сауық емес, тұлға қалыптастыру құралы екенін дәлелдейді.

Қазір интернетте балаларға арналмаған, бірақ оларға қолжетімді контент өте көп. Сол себепті ата-аналардың баланың қандай видеолар көріп жүргенін қадағалауы, уақытын шектеу және арнайы сүзгілерді пайдалануы аса қажет.

# Әскери-патриоттық тәрбиенің маңызы зор

Қазіргі жаһандану дәуірінде мемлекеттердің тұрақтылығы тек экономикалық немесе әскери әлеуетпен ғана емес, азаматтарының рухани беріктігімен, елге деген адалдығымен өлшенеді. Осы тұрғыдан алғанда, жастардың бойында патриоттық сана қалыптастыру – кез келген мемлекеттің стратегиялық басымдығы. Қазақстан үшін де бұл бағыт ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық бірліктің маңызды тіректерінің бірі саналады.



Фотосурет: kazakhmys.kz

Әскери-патриоттық тәрбие – жастарды Отанға қызмет етуге дайындайтын, олардың азаматтық ұстанымын айқындайтын кешенді әрі жүйелі үдеріс. Ол тек әскери дағдыларды үйретумен шектелмейді. Алдымен бұл – ел тарихын құрметтеу, ұлттық құндылықтарды бағалау, ата-баба ерлігін үлгі ету арқылы тұлғаның ішкі дүниесін қалыптастыру.

Бүгінде Қазақстанда әскери-патриоттық тәрбие беру ісі мемлекеттік деңгейде жүзеге асырылып келеді. Бұл бағытта орталық және жергілікті атқарушы органдар, білім беру мекемелері, қоғамдық ұйымдар бірлесіп жұмыс істейді. Мұндай кешенді тәсіл жастарды тәрбиелеуде жүйелілікті қамтамасыз етіп, олардың қоғам өміріне белсенді араласуына жол ашады.

Жастар – ел болашағы. Сондықтан олардың бойында Отанға деген сүйіспеншілік пен жауапкершілік сезімін қалыптастыру мектеп қабырғасынан басталуға тиіс. Әсіресе, бастапқы әскери даярлық пәні, әскери-патриоттық клубтар, түрлі жарыстар мен жиындар жастардың қызығушылығын арттырып, оларды тәртіпке, ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Осындай іс-шаралар арқылы жас буын тек теориялық білім алып қана қоймай, практикалық дағдыларды да меңгереді.

Әскери-патриоттық тәрбиенің маңызды бөлігі – ардагерлермен кездесу, тарихи орындарға саяхат жасау, әскери ойындарға қатысу. Бұл жастардың тарихи санасын қалыптастырып, олардың ел алдындағы борышын терең сезінуіне ықпал етеді. Сонымен қатар мұндай шаралар ұрпақтар сабақтастығын нығайтып, ұлттық бірегейлікті сақтауға мүмкіндік береді.

Отбасының да бұл үдерістегі рөлі ерекше. Баланың алғашқы тәрбиесі үйден басталатыны белгілі. Сондықтан ата-аналардың патриоттық құндылықтарды дәріптеуі, балаға дұрыс бағыт беруі оның тұлға ретінде қалыптасуына тікелей әсер етеді. Мектеп пен отбасы арасындағы тығыз байланыс әскери-патриоттық тәрбиенің тиімділігін арттыра түседі.

Қазіргі заманда бұл бағыт жаңа мазмұнмен толықтырылып отыр. Ақпараттық технологиялардың дамуы, цифрлық платформалардың кеңеюі патриоттық тәрбиенің әдістерін жаңартуды талап етеді. Виртуалды тренажерлар, әскери симуляциялар, интерактивті сабақтар жастардың қызығушылығын арттырып, білім беру сапасын жақсартады. Сонымен қатар әлеуметтік желілер арқылы патриоттық мазмұндағы контент тарату да өзекті құралға айналып отыр.

Әскери-патриоттық тәрбиенің тағы бір маңызды қыры – дене шынықтыру мен психологиялық дайындық. Шымырлық, төзімділік, батылдық сияқты қасиеттер жас буынның тек әскери салада емес, өмірдің барлық саласында табысты болуына ықпал етеді. Бұл қасиеттер тұлғаның жауапкершілігін арттырып, кез келген қиындыққа қарсы тұра білуге үйретеді.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, патриоттық тәрбие жүйелі түрде жүргізілген елдерде қоғам тұрақты, ал жастар белсенді келеді. Көптеген мемлекет бұл бағытты ұлттық саясаттың маңызды бөлігі ретінде қарастырып, білім беру жүйесімен тығыз байланыстырады. Қазақстан да осы үрдісті ұстана отырып, өзіне тән ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, тиімді модель қалыптастырып отыр.

Сонымен қатар әскери-патриоттық тәрбие – тек әскери қызметке даярлау емес, азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру құралы. Жастар ел дамуына өз үлесін қосуға дайын, белсенді, саналы азамат ретінде қалыптасуға тиіс. Бұл – мемлекеттің ұзақ мерзімді дамуының кепілі.

Толықтай алғанда, әскери-патриоттық тәрбие – қоғамның рухани негізін нығайтатын, ұлттық бірлікті қамтамасыз ететін маңызды құрал. Ол жастарды Отанын сүйетін, ел мүддесін қорғай алатын, жауапкершілігі жоғары азамат етіп тәрбиелеуге бағытталған. Осы бағыттағы жүйелі жұмыс Қазақстанның болашағын айқындайтын негізгі факторлардың бірі болып қала бермек.

Бетті дайындаған **Еркеғали БОЛАТҰЛЫ**

# Ел жастарына ерекше қамқорлық жасалған

Қазақстанның болашағы қашан да жастармен тығыз байланысты екені анық. Бүгінде ресми статистикаға сүйенсек, елімізде жастар жалпы халықтың шамамен 20,2 пайызын қамтиды. Бұл – қоғамның елеулі әрі белсенді бөлігі. Демек елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, саяси тұрақтылығы мен мәдени өркендеуі осы буынның әлеуетіне тікелей тәуелді.

Жастар – мемлекеттің стратегиялық ресурсы ғана емес, сонымен бірге бүгінгі күннің нақты қозғаушы күші. Олар жаңа идеялардың генераторы, инновация мен прогрестің бастаушысы. Сондықтан мемлекет тарапынан жастарға жан-жақты қолдау көрсету – кез келген ел үшін басым бағыттардың бірі. Қазақстанда да бұл мәселе жүйелі түрде қолға алынып, бірқатар маңызды бағдарлама мен заңнамалық бастамалар жүзеге асырылып келеді.

Еліміздегі жастар саясатының құқықтық негізі 2015 жылғы 9 ақпанда қабылданған «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңмен бекітілді. Аталған құжатқа сәйкес, жастар санатына 14 пен 29 жас аралығындағы азаматтар кірген болатын. Алайда уақыт өте келе қоғамдағы өзгерістер мен жастардың әлеуметтік рөлінің артуына байланысты бұл жас шегі қайта қаралды. Нәтижесінде, қазір 35 жасқа дейінгі азаматтар да жастар қатарына енгізілді. Бұл өзгеріс жастардың мүмкіндіктерін кеңейтіп, мемлекеттік бағдарламаларға қатысу аясын ұлғайтты.

Мемлекеттік жастар саясатының негізгі мақсаты – жастардың рухани, мәдени, білім беру және кәсіби тұрғыдан толыққанды дамуына жағдай жасау. Сонымен қатар олардың қоғам өміріне белсенді араласуына, шешім қабылдау үдерістеріне қатысуына мүмкіндік беру де маңызды міндеттердің бірі саналады. Бұл бағытта жастардың құқығын қорғау, олардың заңды мүдделерін қамтамасыз ету, әлеуметтік қолдау көрсету мәселелері ерекше назарда.

Жастар саясаты белгілі бір қағидаттарға сүйеніп жүзеге асады. Олардың қатарында конфессияаралық келісім, этносаралық толеранттылық, ұрпақтар сабақтастығы, отбасылық құндылықтарды дәріптеу бар. Бұл қағидалар қоғамдағы тұрақтылықты сақтауға және жастардың дұрыс бағытта қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен бірге жастардың бойында патриотизм, азаматтық жауапкершілік, еңбекқорлық сияқты қасиеттерді қалыптастыру да негізгі мақсаттардың бірі.

Қазақстанда жастарды қолдауға бағытталған бағдарламалар кешені кең ауқымды қамтиды. Атап айтқанда, сапалы білім беру, денсаулық сақтау жүйесін дамыту, жастарды жұмыспен қамту, кәсіпкерлікті қолдау, тұрғын үймен қамтамасыз ету бағыттары басымдыққа ие. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, экологиялық сананы дамыту, талантты жастарды қолдау және мәдени-рухани дамуға жағдай жасау да назардан тыс қалмаған.

Соңғы жылдары жастар саясатын институционалдық тұрғыдан дамытуға ерекше көңіл бөлінді. 2021 жылы елімізде 209 өңірлік жастар ресурстық орталығы, 218 жастар ісі жөніндегі кеңес, сондай-ақ кәсіпорындар мен білім беру ұйымдарында 897 жастар комитеті жұмыс істеді. Бұл құрылымдар жастармен тікелей байланыс орнатып, олардың мәселелерін жедел шешуге мүмкіндік береді.

Жастарды қолдаудың маңызды тетіктерінің бірі – арнайы ұлттық жобалар. Соның ішінде «Тәуелсіздік ұрпақтары» жобасы ерекше орын алады. Бұл бастама жастардың даму индексін қалыптастыру, талантты жастарға гранттар беру, отбасылық құндылықтарды нығайту сияқты бағыттарды қамтиды. Сонымен қатар 2023-2029 жылдарға арналған мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы қабылданып, онда жастардың өмір сапасын арттыруға бағытталған нақты индикаторлар белгіленді.

Жастар арасындағы өзекті мәселелердің бірі – жұмыспен қамту. Әлеуметтік зерттеулер нәтижесіне сәйкес, еліміздегі жастардың шамамен 40 пайызы тұрақты жұмыс табуда қиындықтарға кезігеді. Бұл мәселені шешу мақсатында «Жастар тәжірибесі», «Алғашқы жұмыс орны», «Ұрпақтар келісімшарты» сияқты бағдарламалар іске асырылып келеді. Аталған жобалар жастарға алғашқы еңбек тәжірибесін жинақтауға, кәсіби дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Мәселен, «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы аясында жас мамандар 6 айдан 12 айға дейін жұмыс істеп, тәжірибе жинақтай алады. Бұл олардың еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Сонымен қатар қысқамерзімді оқыту курстары, онлайн білім беру платформалары арқылы жастар жаңа мамандықтарды игеріп, өз мүмкіндіктерін кеңейте алады.

NEET санатындағы жастар мәселесі де күн тәртібінен түскен жоқ. Яғни жұмыс істемейтін, білім алмайтын және кәсіби даярлықтан өтпейтін жастардың үлесін азайту мақсатында арнайы шаралар қолға алынған. Бұл бағытта жастар ресурстық орталықтары кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізіп, бос жұмыс орындары жәрмеңкелерін ұйымдастырып жатыр. Сонымен қатар гранттық қаржыландыру арқылы жастардың кәсіп бастауына қолдау көрсетіліп келеді.

# ЖӘҢГІР ХАННЫҢ БІЛІМ ЖОЛЫ



Кез келген қаржылай шығын
егер ол кез келген басқалай
жақсы, тіпті шапағатты істен гөрі
жастарды оқытуға жұмсалар болса,
жүз есе қайтарым береді.

**Жәңгір Бөкеев**

1826 жылдың күзінде Жәңгір Мәскеуге барып, І Николай императордың тәж кию салтанатына қатысты. Қазақ хандарынан бірінші болып зайыбы Фатима ханшаны бірге ала барды. Ресейдің қол астында отырып, сырт мемлекет мәртебесіндегі депутациямен келген Жәңгірді үкімет хаттамалық дерлік рәсіммен қабылдап, Еуропа билеушілеріне лайықталған сый-құрметтің бір ұшығын көрсетті.

Мәскеудің ресмилігі мен салтанатын түгесіп, еліне қайтқан Жәңгір қазанның 13-і күні Қазан қаласына жетті. Жол соққан ордалықтар шаһардың шетіндегі татар слабодкасындағы Мұса көпестің үйіне түсті. Дүбірлі жиыннан асыл тасты алтын медальмен оралып келе жатқан қазақ ханына Қазан қаласының азаматтық губернаторы Роден арнайы келіп сәлем берді. Жәңгірдің бұл сапардағы ойы Қазан университетіне соғу болатын, келесі күні университет табалдырығын аттады. Университет ректоры Карел Федорович Фукс орыстанған неміс болатын, медицина профессоры бола тұра, әдебиет, тарих және этнографияға ден қойған білімді кісі еді. Әйелі Александра Алехтина өлең жазатын, Еділ бойының халықтарының салт-дәстүрін білетін көкірегі ояу жан еді.

Ректор ханға білім ордасын аралатып көрсеткенде хан өзінің араб, парсы, татар тілдерін еркін меңгергендігін көрсетті. «Мәртебелі хан, біздің университетте болғаныңыздан естелік ретінде Хиуа ханы Әбілғазының түрік шежіресін сыйға тартуға рұқсат етіңіз» деп жаңа басылып шыққан кітапты ұсынды.

Тілмаштың жасаған жұмысы парсы Александр Қазымбекпен танысып, глобус бойынша сұрақ қойып, ректор Фуксты, білімдар Қазымбекті, атақты математик Лобачевскийді таңдандырды. Қоштасарда Жәңгір өзінің екі ұлы – Ескендір мен Зұлқарнайы тезірек ер жетіп, осы университетте білім алса деген арманын айтты. Орынборда кеден директоры Генстің қоластында оқып жүрген ағайын інілерін де осында жібермек ниетін білдірді.

«Біздің қазаққа да бір нәрсеге ден қойып, білім алып, қараңғылықтан шығатын кез жетті, бұл істің бастамасын мектеп ашу арқылы жүзеге асырғым келеді», - деп толқып сөйледі.

